



**БЕКІТЕМІН**

Облыстық білім беруді  
дамыту оқу-әдістемелік  
орталығының директоры  
А. Қабдұлова  
2021 жыл

## **Жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогтарына арналған «Тәуелсіздік белестері» атты фотохроника ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы «Отан тарихындағы 30 жыл» - жобасы аясында жалпы орта білім беру ұйымдары педагогтері арасында «Тәуелсіздік белестері» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған фотохроника ұйымдастырады.

### **2. Фотохроника мақсаты мен міндеттері**

Тарихи сананы, толеранттылық, өз елі тарихы мен мәдениетіне құрмет, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпыадамзаттық, ұлттық және жалпыадами құндылықтарды қалыптастыру.

### **3. Фотохроника мазмұны**

3.1 Фотохроника – фотосуреттер арқылы көрсетілген оқиғалар жылнамасы. БАҚ беттерінде немесе арнайы стендтерде орналастырылған тарихи және тәрбиелік маңызы бар фотосуреттерде көрсетілген ағымдағы өмір шежіресі.

#### 3.2 Фотохроника;

- алғашқы он жылдық - егемен Қазақстанның өз дербестігін қалыптастыру кезеңі;
- екінші он жылдық - еліміз тұғырын нықтап, керегесін кеңейтіп, іргесін бекітуі;
- үшінші он жылдықта - мемлекетіміз кемеліне келіп, әлемдік саясаттан орын алуы қамтылуы қажет.

### **4. Фотохрониканы рәсімдеу талаптары мен шарттары**

- мұқаба бетінде аудан аты жазылу;
- Қазақстан Республикасы егемендік алған күннен бастап отыз жылдық тарихы көрініс алуы;
- фотолардың сапасы жоғары, дауысы анық, мәнерлі болуы;
- музыкалық сүйемелдеу қажет.

*Бейнежазбалар форматы мен пішіні:*

- рұқсат етілген пішін: MP4, MOV;
- бір файылдың өлшемі – 200 Mb артық емес;
- фотохроника ұзақтығы – 2-3 минут.

### **5. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

## **5. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

5.1 Фотохроника бейнжазбасы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының электронды почтасына [tal.metod@mail.ru](mailto:tal.metod@mail.ru) **2021 ж. 11 қазанына** дейін қабылданады.

5.2 Фотохроника бейнжазбасы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының Facebook әлеуметтік желісі (<https://www.facebook.com/100034054873372/posts/373724387106054/>), Білім беруді дамыту оқу - әдістемелік орталығының YouTube каналы (<https://www.youtube.com/channel/UC-EbFWv-MqReZ5WSh4e8exg?viewas=subscriber>),

ucheckboxno\_metodicheski\_sentr инстаграмм парақшасында жарияланады.